

## 2013 жылға арналған әлеуметтік қолдау шараларын көрсету туралы

### *Күшін жойған*

Қызылорда облысы Жаңақорған аудандық мәслихатының 2013 жылғы 16 мамырдағы N 125 шешімі. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2013 жылы 05 маусымда N 4460 тіркелді. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты күші жойылды - (Қызылорда облысы Жаңақорған аудандық мәслихатының 2014 жылғы 23 қаңтардағы N 12 хатымен)

**Ескерту. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты күші жойылды - (Қызылорда облысы Жаңақорған аудандық мәслихатының 23.01.2014 N 12 хатымен).**

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабына, "Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" 2005 жылғы 8 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 18-бабының 8-тармағына сәйкес Жаңақорған ауданының мәслихаты

### **Ш Е Ш Т І :**

1. 2013 жылға арналған Жаңақорған ауданының ауылдық елді мекендеріне жұмыс істеуге және тұруға келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және ветеринария мамандарына көтерме жәрдемақы және тұрғын үй алу немесе салу үшін әлеуметтік қолдау көрсетілсін.

2. Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

	<i>Аудандық мәслихаттың кезекті</i>
<i>XVII сессиясының төрағасы</i>	<i>М. ЖАЙСАҢБАЕВ</i>
<i>Аудандық мәслихат хатшысы</i>	<i>А. НАЛИБАЕВ</i>